

Ғылыми жетістіктер ел экономикасына қызмет етуі керек

Ақпан айында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдары маңызды тарихи оқиғаның бастамашысы болды. Ол – «Тұран ПромРесурс» ЖШС өкілдерімен өткен кездесу еді.

Тұрақты даму және ғылыми зерттеулерді коммерциаландыру бойынша маңызды қадам жасалған бұл кездесуге Жәңгір хан университетінің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шәмшідін, техника ғылымдарының докторы Сәрсенбек Монтаев, Технологиялық даму орталығының басшысы Айгүл Қазамбаева, Технологияларды коммерциаландыру және бизнес-инкубациялау офисінің басшысы Гүлшат Айешева және «Тұран ПромРесурс» ЖШС өкілдері қатысты. Атап айтқанда, өндіріс орнының өкілдері бір жыл бұрын университетіміздің білікті ғалымы, профессор С.Монтаевтың шыны қалдықтарын пайдалану арқылы бетон өрнектастарын шығару бойынша инновациялық технологиясына қызығушылық танытқан еді. Олар өнертабыстық патент иеленген бұл ғылыми жаңалықты өндіріске енгізуге ниет білдірген. Өзара келісімге келген қос тарап бүгін лицензиялық келісімшартқа қол қойып, ғылым мен өндірісті ұштастыруға қадам жасады.

– Бұл жоба экологиялық жағынан пайдалы, тиімді құрылыс материалдарын шығаруға және қалдықсыз өнім өндіруге ықпалын тигізеді. «Тұран промресурс» серіктестігі өздерінің өндірістік базасында біздің технологиямыз бойынша осы ғылыми жаңалықты жүзеге асыруға ниетті. Біз өз командамызбен бірге олармен тығыз байланыс жасап, ғылыми көмек көрсетеміз, кеңес береміз. Өндірістегі жұмыстарға жас ғалымдар да тартылады. Біз құрылыс материалын дайындап,



нарыққа шығарғанға дейінгі үрдіске түгелдей қатысамыз. Жалпы бүгінгі отандық ғалымдардың мақсаты да осы, яғни ғылыми жетістіктер ел экономикасына қызмет етуі керек, – дейді ғалым Сәрсенбек Әлиакбарұлы. Еске сала кетсек, танымал ғалым Сәрсенбек Монтаев –150-ден астам ғылыми жұмыс пен 30 патенттелген өнертабыс авторы. Ғалымның ғылыми жұмыстарының қай-қайсысын алсаңыз да, тәжірибеде қолдануға лайықты әрі маңызды.

«Тұран ПромРесурс» ЖШС директоры Гүлмаржан Оқашева да жергілікті ғалымдардың ғылыми жетістігі үшін қуанышты екенін жеткізді. – Өзім де ғылым саласына жақынмын, мамандығым инженер-химик. Осыған дейін құрылыс ма-

териалдары саласындағы көптеген ғылыми жұмыстарды зерделедік. Солардың ішінде Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарының әйнек қалдықтарын кәдеге жарату бағытындағы ізденістері мен ұсыныстары көңілімізден шықты. Бұл – ғылым мен өндіріс үшін ұтымды бастама, пайдалы шешім деп ойлаймын. Қоршаған ортаның тазалығын сақтауда, табиғи ресурстарды үнемдеуде жақсы нәтиже берері сөзсіз, – дейді Гүлмаржан Абылайқызы. Айтуынша, «Тұран ПромРесурс» кәсіпорны 2014 жылдан бері өндірістік қалдықтарды жинау, тасымалдау, өңдеу қызметтерімен айналысады. Соңғы уақытта өңіріміздегі өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу кәсіптерін

зерттей келе, әйнек қалдықтарын жинау және пайдаға асыру қажеттілігін байқаған өндіріс орны жұмыстарын осы бағытқа негіздеуді ұйғарыпты.

Алдағы уақытта келісімшарт аясында ғылыми әзірleme бойынша өндіріске қажетті технологиялық құрылғылар алынатын болады. Одан әрі бизнес-жоспарға сәйкес өндіріс ошағы шыны қалдықтары қосылған өрнектастарды шығарады.

Ғалымдарымыздың айтуынша, бұл – университет тарихындағы ұзақ жылдардан бергі алғашқы лицензиялық келісімшарт. Бұл бастама одан әрі жалғасын тауып, жаңа технологияларға негізделген басқа да ғылыми жобалардың өндіріске жол тартарына сенім мол.

БҚАТУ медиа орталығы

Талантты жас ғалым

Жуырда Жәңгір хан университетінің Ғылым басқармасының басшысы-Сынау орталығының директоры, ҚР ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ҚР биология ғылымдарының докторы Индира Бейшова 2024 жылғы мемлекеттік ғылыми стипендия лауреаты атанды.

Жиырма жылға жуық уақытын жоғары білім және ғылым саласына арнаған жас ғалым ауыл шаруашылығы жануарларының шығу тегін STR-әдісімен анықтау, генетикалық құжат беру; сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларына генетикалық сараптама жүргізу; ауыл шаруашылығы жануар-



ларын тұқым қуалайтын генетикалық мутацияларға скринингтік тексеру; ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігін ерте диагностикалау; ауыл шаруашылығы жануарларының ауруларға тұрақтылығын/төзімділігін анықтау; ПТР әдісімен жануарлар мен адамдардағы COVID-19 диагностикасы сынды ғылыми зерттеулермен айналысып келеді.

Күні бүгінге дейін барлығы 200-дан астам ғылыми мақалалары жарияланса, соның ішінде уәкілетті орган ұсынған басылымдарда – 67, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) – 10, Scopus (Скопус) – 29, 80

шығармашылық жұмыс, 24 кітап, 5 оқу-әдістемелік құрал, 6 оқу құралы, молекулалық биология саласындағы 26 инновациялық патенттің авторы, өнертабысқа Ресей Федерациясының бір патентін иеленген. Web of Science дерекқорларындағы Хирш индексінің көрсеткіші – 3, Scopus дерекқорларындағы Хирш индексінің көрсеткіші – 5.

Алматы қаласындағы «Ғылым ордасы» ғимаратында өткен салтанатты іс-шарада БҚАТУ ғалымы Индира Салтанқызына мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындау туралы сертификаты ҚР Президенті жанындағы ҚР ҰҒА Президенті Ақылбек Күрішбаев табыстаған болатын.

Тұқым шаруашылығы – өте маңызды мәселе



Ветеринария және агротехнологиялар институтында «Жоғары сапалы тұқым егудің индустриалды технологияларының агрономиялық негіздері» тақырыбында мәселелік дәріс ұйымдастырылды.

«Агрономия» білім беру бағдарламасының АН-21, ЗКР-21, АН-31/32, АН-41 топ студенттеріне арналған дәріске «Агроалем Холдинг» ЖШС-ның агроном кеңесшісі Нұрбол Мұхабетжанов қатысты. Дәріс оқыған Нұрбол Қайдарұлы өз кезегінде агроөнеркәсіп саласының дамуына ықпал ететін бірден-бір сала – тұқым шаруашылығы екеніне тоқтала келе, тұқымның сапасы жоғары болған сайын, егіннің өнімділігі де жоғары болатынын жеткізді.

Бұл фермерлер үшін көбірек пайда әкеледі. Сапалы тұқымды пайдаланған жағдайда егіннің тұрақты өсуі мен дамуы арқасында шаруашылықтардың кірісі артады. Төмен сапалы тұқымдар жиі ауруларға шалдығатын немесе қолайсыз жағдайларда әлсіреп қалатын өсімдіктердің өсуіне себепкер болуы мүмкін. Индустриалды ауыл шаруашылығында тұқым егу мен оның күтімін жоғары деңгейде ұйымдастыру қажет. Мұндай жағдайда сапалы тұқымның өзі ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, бірақ мұнымен қатар суару, тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану технологиялары да маңызды. Яғни, тұқымның сапасы мен агрономиялық технологиялардың үйлесімі – бұл жоғары өнімділіктің не-



гізгі факторы. Заманауи технологиялар мен биотехнологиялар арқылы жаңа тұқым сорттарын шығаруға болады. Олар жоғары өнімділікпен, аурулар мен зиянкестерге төзімділігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар жаңа сорттар климаттық өзгерістерге қарсы тұра алады, бұл аграрлық саланың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, сапалы тұқымның ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыруда үлкен маңызы бар.

Ол өсімдіктердің жоғары өнімділігін қамтамасыз етеді, фермерлердің кірісін арттырады, шығындарды азайтады және экологиялық тұрғыдан тұрақты өнім өндірісін қолдайды. Студенттер дәріс барысында болашақ мамандықтарына қатысты барлық сұрақтарына жауап алды.

Диамара ТУЛЕГЕНОВА,
Ветеринария және агротехнологиялар институтының доценті

Әскери кафедра оқуға шақырады!

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың әскери кафедрасы запастағы «Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларына» сәйкес, офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша студенттерді (ер балалар мен қыздар) оқуға қабылдайды. Конкурсықа 24 жастан үлкен емес жастағы білім алушылар қатыса алады.



Әскери кафедрада оқу:

- БҚАТУ-дың студенттері үшін – тегін;
- басқа ЖОО-ның студенттері үшін – ақылы негізде;
- запастағы сержанттар үшін оқу 1 жыл – ақылы негізде.

Конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттар қабылдау 2025 жылғы 5 ақпанда басталды:

- запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқыту

үшін құжаттар бірінші (4 жылдық оқумен) және екінші курс (5 жылдық оқумен) студенттерінен (ер балалар мен қыздар) қабылданады;

- запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқыту үшін құжаттар бірінші, екінші (4 жылдық оқумен) және бірінші, екінші, үшінші курстардың (5 жылдық оқумен) студенттерінен қабылданады.

Конкурстық іріктеуге қатысу үшін қажетті құжаттар:

1. Өтініш (әскери кафедрада жазады);
2. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (түпнұсқасы мен көшірмесі);
3. Шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлік немесе әскери билет (түпнұсқасы мен көшірмесі);
4. Көлемі 3х4 сантиметр фотосурет – 2 дана;
5. Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама;
6. ЖЖОКБҰ-да нақты оқитыны туралы анықтама (М.Өтемісов атындағы БҚУ және БҚИТУ студенттері үшін);
7. А-4 форматты ақ қағаз – үш парақ.

Әскери кафедрада оқуға ниет білдірген студенттер міндетті түрде




Орал қаласында тұрақты қалалық тіркеуде және Орал қаласының ҚДЖБ-да (ХҚКО арқылы) әскери есепте тұруы тиіс.

Оқуға түсу жөніндегі сұрақтар бойынша Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың «Әскери кафедрасына»

жолығыңыз: Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51 үй, Политехникалық институт ғимараты, «Б» блогы, байланыс телефондары: 8-7112-50-16-57, ішкі тел. 2-25, vk_zkatu@mail.ru.

Әскери кафедра





Тұрмыстық қалдықтан шыққан майды экологиялық жолмен кәдеге жарату

Экологиялық таза сабындар мен қарапайым сабындар бірнеше жағынан ерекшеленеді. Экологиялық таза сабынның құрамында өсімдік майлары, эфир майлары және табиғи бояғыштар сияқты табиғи компоненттер бар. Кәдімгі сабын құрамында синтетикалық қоспалар мен компоненттер болуы мүмкін.

Экологиялық таза сабын энергияны үнемдейді және экологиялық принциптерді сақтай отырып жасалады, ал кәдімгі сабын өндірісі қоршаған ортаға үлкен әсер етуі мүмкін.

Экологиялық таза сабын теріні тазартуда және ылғалдандыруда тиімді, бірақ құрамында жасанды қоспалар бар, қарапайым сабынмен салыстырғанда көбіктенуі немесе аз хош иісі болуы мүмкін. Экологиялық сабынды қолданудың бірқатар артықшылықтары болуы мүмкін: оның құрамында аллергияны немесе терінің тітіркенуін тудыруы мүмкін химиялық заттар жоқ. Ол теріні жұмсақ тазартады және ылғалдандырады, сау етеді.

Экологиялық сабын табиғатқа зиянын тигізбейді, өйткені оның компоненттері ыдырайды және суды немесе топырақты ластайтын қалдықтар қалдырмайды: экологиялық сабын ұзақ қызмет етеді және жақсы көбіктенеді, сондықтан пайдалану үшін аз өнім қажет. Экологиялық сабынды пайдалану экологиялық таза тауарлар шығаратын компанияларды қолдауға ықпал етеді және тұрақтылық үлгілерін ілгерілетуге ықпал етеді.

Аленді тұрмыста қолданылатын сұйық майды тиімді пайдаланбау нәтижесінде тудыратын залалдарына тоқталсақ. Жалпы өндірістік қалдықтардың ішінде олардың көп бөлігі – өсімдік майлары мен май қалдықтарынан тұрады. Майлар тамақ және косметика өнеркәсібінде сабын мен жуғыш заттарды өндіруде кең таралған. Сонымен қатар мұндай



қалдықтар әдетте тамақтану саласында болады: барлар, мейрамханалар, кафелер. Тамақ пісіргеннен кейін қалатын майдың көп мөлшерін міндетті түрде жою керек. Оны кәрізге төгуге қатаң тыйым салынады, бұл құбырларды бітеп қана қоймай, қоршаған ортаға орны толмас зиян келтіреді. Соның алдын алу мақсатында тұрмыстық қолданыстан шыққан майды қайта өңдеп, экологиялық таза өнім алуға болатынына көз жеткіздік.

Көбіне бұл сабындарды спортшылар қолданады екен. Өзгелерге қарағанда олар тұмау, суық тию, тері ауруларына жиі ұшырайды. Бактерияға қарсы сабындар адам ағзасындағы сыртқы ортадан сақтайтын микробтардың көзін жойып, зиянды бактериялардың орналасуына жол береді. Бактерияға қарсы сабынмен тұрақты түрде жуыну теріні құрғатып жібереді. Сондай-ақ терідегі қорғаныш қабықшасын жұқартады. Мұның салдарынан тері аурулары пайда болады. Бұл

сабындар бетке әжімнің ерте түсуіне жол ашады. Бактерияға қарсы сабындарды қолдану тері рагына, инфекциялық созылмалы ауруларға әкеліп соғуы мүмкін. Оны әрдайым пайдалану – өте қауіпті. Бұл сабындарды қажетіне қарай пайдаланған жөн. Мысалы, жарақат алып, оған инфекция түсіп кету қаупі төнгенде осы сабындарды қолдануға, ит-мысықты ұстап, кейін қолыңызды бактерияға қарсы сабынмен жууға болады. Бактерияға қарсы сабындарды сұйық гель түрінде өндіріп пайдалануға болады.

Қолдан жасалған сабын несімен тартады?

- Бұл – экологиялық таза өнім. Оның негізі – табиғи балаларға арналған сабын, глицерин, эфир майы, каустикалық сода, шөптер.

- Тазартудан бөлек (негізінен сол үшін қолданылады) ол косметикалық тұрғыдан да әсер етеді. Ал бұл үшін өте маңызды.

- Қолдан жасалған сабынның сыртқы пішіні де тартымды. Бұл дүкендегі ұсқынсыз, химиялық хош иісті сабын кесегі емес, оның әр шығарылымы өздігінен қызықты әрі ерекше.

- Сабынды қолдан жасау барысында клиенттің қалауы мен қажеттіліктері ескеріледі. Құрамы: түс, көлем, пішіні – барлығы да арнайы тапсырыс бойынша жасалады.

- Қолдан жасалған сабын балаларға да, жасы үлкендерге де ерекше сыйлық болады.

Эко сабынның артықшылықтары: Қолданылған майды кәдеге жаратып таза экологиялық өнім алу. Ал құрамы табиғи ингредиенттерден тұрады және гипоаллергенді толық биологиялық ыдырайды. Қолды және құрал-жабдықтарды жууға, жұмыс киімдерін жууға, майлы дақтарды кетіруге.

Дайын өнімде сілті жоқ, барлығы толығымен қосылыста әрекеттеседі, бірақ реакцияға түспеген құнды майлардың белгілі бір мөлшері бар, олар жуу процесінде теріні ылғалдандырады. Ең бастысы, сабынның құрамының экологиялық таза болуында.


Бірінші реттік қалдық майдан екінші реттік экологиялық таза өнім алдық. Экологиялық таза өнімді алу үшін тұрмыстық қалдықты, соның ішінде май қалдықтарын тиімді жүзеге асыру арқылы эко сабын идеясын ұсындық. Осындай эко сабындарды жасау арқылы біз тұрмыстық қалдықтардан шыққан майдың мөлшерін азайтуға өз үлесімізді қостық. Алдағы уақытта біз эко сабыннан бөлек сұйық су сабын және ыдыс жууға арналған сұйықтық жасауды қолға аламыз.

Асыланбек МАҚСУТ,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің студенті
Ғылыми жетекшісі:
Эльмира АҚКЕРЕЕВА

Қалдықтардың классификациясы және оларды өңдеу жолдары

Кіріспе

Қазіргі таңда қоршаған ортаның ластануы және табиғи ресурстардың сарқылуы бүкіл әлем бойынша өзекті экологиялық мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған байланысты қалдықтарды тиімді басқару мен оларды қайта өңдеу мәселесі – аса маңызды болып табылады. Өндірістің қарқынды дамуы, урбанизацияның өсуі және халық санының артуы қалдықтардың көлемін күрт көбейтуде. Егер қалдықтарды дұрыс сұрыптап, қайта өңдеу жүйесін тиімді ұйымдастырмаса, бұл экожүйеге орны толмас зиян келтіруі мүмкін. Қалдықтарды тиімді басқару үшін оларды белгілі бір белгілері бойынша классификациялау қажет. Жалпы қалдықтар шығу тегі, физикалық және химиялық қасиеттері, қауіптілік деңгейі сияқты бірнеше критерийлер бойынша жіктеледі. Олар тұрмыстық, өндірістік, құрылыс, ауыл шаруашылық, медициналық және радиоактивті қалдықтар болып бөлінеді. Әрбір санаттағы қалдықтардың өзіндік ерекшеліктері мен өңдеу әдістері бар. Мысалы, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу арқылы қайталама шикізат ретінде пайдалануға болады, ал қауіпті қалдықтар арнайы технологиялармен залалсыздандырылуы тиіс. Қалдықтарды өңдеудің бірнеше тиімді әдістері бар: қайта өңдеу (рециклинг), компосттау, термиялық жою (күйдіру), биологиялық ыдырату және полигондарға көму. Әсіресе, қайта өңдеу және компосттау әдістері – экологиялық тұрғыдан ең



тиімді шешімдердің бірі болып табылады, себебі олар қалдықтардың көлемін азайтып қана қоймай, табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар заманауи технологиялардың дамуы қалдықтарды энергия көзі ретінде пайдалануға жол ашуда.

Бұл зерттеуде қалдықтардың негізгі түрлері мен олардың қоршаған ортаға әсері қарастырылады. Сондай-ақ әртүрлі өңдеу әдістерінің артықшылықтары мен кемшіліктері сарапталып, қалдықтарды басқарудың заманауи технологиялары мен перспективалары талқыланады. Қалдықтарды дұрыс басқару экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, экономикалық тиімділікке де қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан да бұл

мәселені жан-жақты зерттеу – тұрақты дамудың негізгі шарттарының бірі.

Зерттеу нәтижесі

Қатты тұрмыстық қалдықтар – адамдардың күнделікті өмірінде пайдаланылатын және арнайы қоқыс жинау жүйелері арқылы жиналатын қалдықтар. Бұл қалдықтардың негізгі көзі – тұрғын үйлер, қоғамдық орындар, коммерциялық мекемелер мен шағын өндірістер.

ҚТҚ құрамына мыналар жатады:

Органикалық қалдықтар (тамақ қалдықтары, бақша және көкөніс қалдықтары)

- Қағаз және картон (газеттер, журналдар, қораптар)

- Пластик (бөтелкелер, полиэтилен па-

кеттер, контейнерлер)

- Шыны (бөтелкелер, терезе әйнектері)

- Металл қалдықтары (қалайы және алюминий банкілер, темір сынықтары)

- Тұрмыстық техника және электроника қалдықтары

ҚТҚ-ны өңдеу әдістері:

1. Қайта өңдеу (рециклинг) – қағаз, пластик, металл, шыны сияқты материалдарды қайта өңдеп, жаңа өнімдер жасау.

2. Компосттау – органикалық қалдықтарды тыңайтқышқа айналдыру.

3. Жану (термиялық өңдеу) – энергия алу мақсатында қоқысты жағу.

4. Полигондарға көму – ең кең таралған, бірақ экологияға зиянды әдіс.

Ал өндірістік қалдықтар – өнеркәсіптік кәсіпорындардан, зауыттардан, фабрикалардан шығатын қалдықтар. Олардың көлемі мен құрамы өндіріс түріне байланысты өзгеріп отырады.

Құрамы:

- Металл қалдықтары (темір, алюминий, мыс сынықтары)

- Пластик және полимер қалдықтары

- Химиялық қалдықтар (қышқылдар, еріткіштер, бояулар)

- Құрылыс қалдықтары (бетон, кірпіш, ағаш қалдықтары)

- Электроника және техника қалдықтары.

Асыланбек МАҚСУТ,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің студенті
Ғылыми жетекшісі:
Эльмира АҚКЕРЕЕВА



Қадыр ақынға

Қадіріңе жетем бе Қадыр ақын,
Жырынды жақын тартам жанымға тым.

Әрбір сөзің маржандай жарқырайды,
Теңіздің тереңінен табылатын.

Тілге тиек еткенсің тіл тағдырын,
Намыс тұтып қазақтың бейкамдығын.
Отты өлеңнің артынан қалған шоғын,
Араладым таппадым жиһанды мың.

Еркесі едің Оралдың төсінде өскен,
Ыстығы туған жердің кетпес естен.
Асыр салып ойнаған далада кең,
Перзент едің Жайықтың суын кешкен.

Ұлт ұранын жазуға қосқан үлес,
Сағым шақтар, уақыт-ай қайта келмес.
Мәңгі жасап қаларын түсінеді ел,
Өлеңіңнің өлмесін ертелі-кеш.

Бекжан АҚАНҰЛЫ,
Индустриалды-технологиялық
институты (ЗУ-11)



Қадыр Мырза Әлиге арнау

Жайықтың жағасы – туған жері,
Жырыменен жайнаған нұр әлемі.
Өр қазағы қадірлеп, құрметтеген,
Бұл – Қадырдай ақынның ұлағатты елі.


Сан жылдар жыр кешіп, сыр ақтарған,
Өмірін өлеңмен шуақ қылған.
Қара сөздің төрінде тайсалмаған,
Тұлпардайын тағдырмен тулап туған.

Сөздері дана ойлы, мәні терең,
Өсиет, өнегеге толы өлең.
Оқырманы мұрасын мәңгі сақтап,
Оқиды жүректерін жырға бөлеп.

Қадыр ақын – қаламгер сирек туар,
Қаламын жүрегіне тірек қылған.
Жырыменен ұрпаққа жол көрсетіп,
Мәңгілік рухына тағзым қылам!

Қаламгердің сөздері – мәңгі шырақ,
Сөзіне сыр тұнатын алтын бұлақ.
Өмірін өлеңменен өрнектеген,
Ұрпағына қалдырған сөнбес шырақ.

Нұрберген РОМАНҰЛЫ,
Ветеринария және агротехнология
институты (ВТ-11)



Ақынға арнау

Қадырдың жыры халқымен егіз,
Сөзіне зер салсаң, өмір мен негіз.
Әзілімен ақиқатқа арқау болып,
Қалдырды санамызға ақыл-теңіз.

Терең ой, сырлы жырдың дарасы ең,
Қазақтың елі менен жеріне кең.
Қалдырдың өлмес мәңгі қазынаңды,
Арнаймын арнауымды ақынға мен.

Жырларың жаңғырып тұр ой-санамда.
Рухани азығы кем бұл заманда.
Қадырдай қайсар ақын көп болса егер,
Өлеңнің туы жығылмас шаршы алаңда.

Қаламыңнан төгілген шындық болып,
Сөзінді де тыңдаған сан жұртшылық.
Қазақтың рухы менен абыройын,
Асқақтатқан өзіңсің ақын болып.

Өмірдің бар бояуын жырға қостың,
Көңілге сәуле түсіріп, жарық шаштың.
Қазақтың қасиетін, салтын жырлап,
Атағыңмен талай белес, қырдан астың.

Текті жыр, терең ой боп мұра қалды,
Бағалайтын кез келді қолда барды.
Асыл сөзі – мәңгілік сөнбес шырақ,
Түкпірінен жүректің орын алды.

Мөлдір САЛАУАТ,
Индустриалды-технологиялық
институты (ГРПИ-11)

Әр бейсенбі – этно стиль күні



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың
29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г
қуәлігі берілген.

БҚАТУ медиа
орталығының
директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталы-
ғында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында
басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурс-
тарында таратылады. Тапсырыс: № 586
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы
деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru